



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

27.10.2017 ж.

№ 11 5-т

**Жамбыл облыстық кәсіподақ ұйымында
сала қызметкерлерінің құқықтары мен
заңды мүдделерін қорғау жөніндегі
жұмыс жағдайы туралы**

Жамбыл облыстық кәсіподақ ұйымының төрайымы Г.Р.Орынбаеваның ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының құқықтық жұмысты ұйымдастыру, кәсіподақ мүшелері – білім саласы қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі жұмыс дағдысы мен болымды тәжірибесі аталып өтсін.

«Жамбыл облыстық кәсіподақ ұйымында сала қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі жұмыс жағдайы туралы» ақпарат мүшелік ұйымдарға жіберілсін (тіркеледі).

2. Жамбыл облыстық кәсіподақ комитеті Еңбек заңнамасын бұзушылықтың алдын алу және оған жол бермеу жөнінде кәсіподақ органдары қызметінің тиімділігін одан әрі арттыру, жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын орындауына қоғамдық бақылауды күшейту, кәсіподақ мүшелеріне білікті құқықтық көмек көрсету бойынша жұмыс жүргізіп, көрсетілетін заң қызметтерінің аясын кеңейту ұсынылсын.

Салалық кәсіподақтың облыстық, аумақтық ұйымдарына:

- кәсіподақ мүшелері – білім саласы қызметкерлерін құқықтық қорғау жөніндегі жұмыс тиімділігін арттыруды барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдары мен ұйымдары қызметінің негізгі және басымды бағыттары ретінде есептеу;

- өз қызметінде кәсіподақ мүшелері – білім саласы қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі Жамбыл облыстық кәсіподақ ұйымының жұмыс дағдысы мен тәжірибесін белсенді қолдану;

- жұмыс берушілердің Еңбек заңнамасын қадағалауға қоғамдық бақылауды жүзеге асыру тиімділігін арттыруға ерекше назар аудару, мемлекеттік еңбек инспекциясымен, жергілікті жерлердегі басқа да қадағалау-бақылау органдарымен бірге бірлескен тексерулерді үнемі жүргізу;

- кәсіподақ ұйымдарының болымды жұмыс тәжірибелерін пайдалана отырып, кәсіподақ органдарының құқықтық инспекторлары мен заңгерлерін оқыту семинарларын жиі өткізу ұсынылсын.

4. Кәсіподақтың Салалық Кеңесінің құқықтық қызметі Еңбек заңнамасы, мүшелік ұйымдарда құқықтық қызмет жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша аймақтарда көшпелі семинарлар өткізу тәжірибесін жалғастырсын.

5. Қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төрайым

М.Амантаева